


М. М.



АСТАНА ЖАЗУШЫЛАРЫНЫҢ КИТАПХАНАСЫ



Айрықша аптап еді-ау сол бір жаз

1994 жылдың 6 шілдесінен есте жүрген бір сәт

Әбіш КЕКІЛБАЙҰЛЫ.

Әліге дейін көз алдымда, Ақтауға аттанғалы жатырмыз. Нұрсұлтан Әбішұлы ұшағына бас сұқпай жатып, мені өз салонына шақырды. Сара Алпысқызы үшеуіміз шайға отырдық. Елбасы кенет маған бұрылып: “Әбіш, осы Ақмолада соңғы рет қашан болдың?” — деп сұрады. Мен жауап бердім. Өзі жуырда ғана болыпты. Қаланың тарихын, табиғатын, ауа райын, төңірегін, қазіргі жай-күйін бес саусағындай біліп алыпты. Мұның тегін еместігін ішім сезе қойды. Бірақ, әңгімесін бұзбай, тыңдай түстім.

Бірауық Алматыны сөз етті. Арнайы диссертацияға бергісіз сараптаманы саудыратып отыр. Сосын қайтадан “Тың астанасына” оралып, оны Орталық Қазақстанның өзге қалаларымен салыстыра бастады. Кенет жалпы астаналарға қойылатын шарттар мен талаптарды көзінен тізе жөнелді. Сосын менің не ойлайтынымды білгісі келгендей, шыныаяққа еңкейіп, құлағын тігіп, тынып қалды. Пікірлерімді шет-шепірлеп баяндауға кірістім. Мұқият назар салған. Бірақ, не айтатынымды алдын ала біліп қойғандай, дереу өз дәлелдеріне жүгінеді. Аузынан шыққан әр сөз ойына осы қазір ілікпегендей, көңілінде көптен жүргендей. Мен бір сәт мұны естігенде жұртшылықтың не ойлап, не айтуы мүмкін екендігін болжамдай бастадым. Ол мұны да баяғыда-ақ сараптап қойғандай. Қысқасы, ұшақтан түскенде Нұрсұлтан Әбішұлының не де болса, бір тас түйін шешімге келіп, бір нартәуекелге бел буып жүргеніне көзім әбден жеткендей болды. Бірақ, ол: “Мұның бәрі тек идея ғой. Ойланатын нәрселер әлі көп қой. Ойланамыз ғой”, — деп, менің қобалжып келе жатқанымды біліп, басу айтып, жайбарақаттандырып қояды.

Арада бірер апта өтер-өтпесте, Жоғарғы Кеңестің үйлестіру кеңесіне енді кіріскелі жатыр едік, кенеттен Ерік Мағзұмұлы Асанбаев кіріп келді. Сөзге сараң Вице-президент қалың қабағын бір керіп қойып: “Нұрсұлтан Әбішұлы ертеңгі мәжіліске бір мәселе енгізуді сұрайды”, — деді. Есіме анадағы ұшақ үстіндегі әңгіме сарт ете қалды. Түбі бір осындай сөз айтылатын шығар деп жүр едім. Бірақ, тап мұншалық тез болады ғой деп ойламап едім. Бұл

үйлестіру кеңесіндегілерге де күтпеген оқиға болды. Әрі толғап-бері толғап, ақыры күн тәртібіне ұсыну ұйғарылды.

Ертеңіне жоспарлы мәжілісімізге жиналды. Депутаттар хабарланып қалыпты. Әдеттегі абыр-сабырдан әп-сәтте тыйылып, құлақтарын түре-түре қалыпты. Ақпарламаны Нұрсұлтан Әбішұлының өзі жасады. Зал тым-тырыс. Сілтідей тынып, тындап отыр. Президент сақадай сай әзірленіп келген. Қарша жауа жөнелген сұрақтарға еш мүдірместен егжей-тегжейлі жауап беріп жатыр. Сұрақтар сонда да тыйылар емес. Арасында әдейі намысқа тигісі келген қыршаңқы сұрақтар да жеткілікті. Олардың көпшілігі мәселенің бұлайша төтен қойылуынан әлдебір астар іздейді. Геосаяси айла-шарғы тапқысы келетіндер де аз емес. Тіпті, өйтіп алыстан қармамай, күнделікті тұрмыстық күйбең тіршілікпен, жекжат-жұрағаттықтың жәй-жапсарына байланыстыратындар да табылмай қалмады. Кейбірі бәрін апарып қайдағы бір саяси амбицияларға телиді. Нұрсұлтан Әбішұлы кісінің шамына тиетін сотанақ сұрақтардың өзіне төзімділік көрсетіп, бажайлап түсіндіріп, қажет болса, тіпті басынан асырып бақты. Ондай түймедейден түйедей, тырнақ астынан кілегей іздейтіндерді былай қойғанда, естияр деп жүрген азаматтардың өздерінің жуасытылмаған тайға мінгендей, тақымдарын қысып, қобалжып отырғандары байқалады. Көпшілігі басы қарқарадай Алатау мен жасыл торқа жамылып Алматы тұрғанда, аяқ астынан ақ түтек бораны арсы-күрсі Арқа төсіндегі қайдағы бір күйелеш-күйелеш көнетоз қалаға көшудің соншама неге керек болғанын, қанша ойланса да, ақылдарына сыйғыза алар емес. Алматының жақсы қасиеттерінен ештеңе қалдырылмай, түгел айтылды. Енді бармақшы астанамызда күтіп тұрған қиындықтар мен кемшіліктердің де ешқайсысы ұмытылмай, көзінен тізіліп бақты. Біреулер тіпті, бұл ұлтараздықты қоздырады деп байбалам салды. Енді біреулер бұл қылығымызға төңірегіміздегі көршілеріміздің не деуі мүмкін екенін ойлап, қилы-қилы тон пішті. Әсіресе, терістік-батыс көршіміздің шамына тиіп қалмас па екенбіз деген уайым әлдеңеше рет ауыздан шықты. Ең бастысы — ауыспалы кезеңнің аусарлығы жан-жағымыздан түгел анталап, зәремізді алып тұрғанда, жаңа астана тұрғызатын қыруар қаржыны қайдан табамыз деген уайым мен ол кезде тұрмыс тапшылығынан тартпаған тауқыметі қалмай, “шықпа, жаным, шықпалап” өзер шыдап отырған жадау-жүдеу әлеумет мұндай жеройды шығынды талап ететін тым ересен шаруаны босқа шашылғандық көріп, апшып қап жүрмес пе екен деген күдік жиі айтылды.

Пәле іздейтіндер мен жала жапқысы келетіндердің сойы, сірә, белгілі ғой. Елге, халыққа, Елбасына шындап жандары ашитындардың өздері: “Арыстан айға шауып мертiгiптi” дегеннiң кебiн киiп жүрмеймiз бе?!” деген күмәндарын жасыра алмай,

қаралай күйзеліп отыр. Көбінің көзінен: “Әлі де ойлана түссек қайтеді?!” дейтін уайым, шын қиналыс байқалады. Жасыратын несі бар, менің өзім де сол ыңғайға көбірек дес беріп отырғандаймын. Қолымдағы қаулының жобасына қайта-қайта үділіп, көңіл тыншыта алмай-ақ қойдым. Бұрынғы бір тармақтың қасына екінші тармақ сұранып тұрғандай. Қалам алып, жаза бастадым. Жаңа астананы салу мен оған көшудің экономикалық жобасын жасап, Жоғарғы Кеңестің келесі бір сессиясына ұсыну үшін Үкіметке тапсырма беріп, қосымша мерзім белгілеу жайында жаңа тармақ мәтіндеп, ту сыртымда отырған Елбасының қолына ұсындым. Нұрсұлтан Әбішұлы оқып шығып, ойланып біраз отырды. Залдағылардың бет-жүздеріне қарап, айтылып жатқан әңгімелерін тыңдап алып, кенет маған: “Мейлі, осы жобаны дауысқа салғыңыз келсе, сала қойыңыз”, деді.

Жұртшылықтың пікірі айқындалып келеді. Басым көпшілік Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың астананы Ақмолаға көшіру жөніндегі дәйектемелеріне ден қоятын ыңғай байқатты.

Оны теріске шығаратындай байыпты дәлелдерді ешкім келтіріп жатқан жоқ. Ауыспалы кезеңдегі аумалы-төкпелі көңіл-күйді білдіретін байбаламдар мен уайымдар естір құлақты елеңдеткенмен, көз жеткізіп, көңіл тоқтататындай тұшымды тұжырым тауып бере алмай жатыр. Сондықтан, жұртшылық көңіліндегі алаңдаушылықты сабына түсіріп, күдік-күмәнді серпілтетіндей нақты сараптама түзуге тиісті уақыт пен оны жұртшылық сарабына қайта бір салатын мүмкіндік барын айтпасақ, қазір берілетін дауыс мәселенің байыбына баруды емес, әлгіндей ала-құла көңіл өуенінің құйқылжу амплитудасын ғана көрсететін түрі бар. Сондықтан әлгі екі жағдайды да ескеретін екі тармақтан тұратын қаулы жобасын дауысқа салғанды жөн деп ұйғардық. Айтылатын әңгіме айтылып болды-ау деген шамада жарыссөз тыйылды. Жоба дауысқа қойылды. Екінші тармақтың қосылғанына, расында да, жұрт елеңдесіп қалды. Сонымен, астананы Ақмолаға көшіру туралы ұсыныс өтті. Зал алабұртқанды қойып, саябыр тартқандай. Ту сыртыма бұрылып, Нұрсұлтан Әбішұлының жүзіне қарадым. Таң атқалы тас түйін болып, состиып отырған ашаң дидарға үйреншікті биязы шырайы қайта оралғандай. Ең соңына дейін есеп ашылмаған қиын ойында шешуші доп ұрған ойыншыдай, жанарында от ойнап, миығына күлкі үйіріліпті. Ақсиган тістерінің арасынан әлдебір ойнақы қалжың тіріліп келе жатқандай. Сонда барып есіме түсті — бүгін шілденің алтысы екен ғой. Қаралған мәселеге ынты-шынтымызбен елігіп кеткеніміз соншалық, өншейінде мәжіліс басталмай жатып, әріптестерімізді туған күндерімен құттықтайтын әдетіміз де есімізден тарс шығып кетіпті. Төрт көзіміз түгел отырып, Елбасын туған күнімен құттықтау манадан бері ешқайсымыздың есімізге келмепті.

Ұялған тек тұрмас деген ғой. Қысылғаннан: “Айтпақшы, Нұрсұлтан Әбішұлы, бүгін туған күніңіз ғой. Шын жүректен құттықтаймыз. Біздің Сізге тартуымыз — осы болды”, — деппін. Ертеңіне өзіміздің, Мәскеудің газеттерін ақтарып отырсам, кейбір қыршаңқы қаламгерлер әлгі өзілімді сан-саққа жүгіртіп бағыпты.

Ол да ештеңе емес екен. Әлгі жиын бітпей жатып, мана мәжіліс үстінде әлденеше рет сөйлеп, ұсынысын өткізе алмай, пұшайман болған бір депутатымыз, қасында екі серігі бар, состиып-состиып кіріп келді. “Мынау — менің депутаттық сауалым. Жауабын ертеңгі мәжілісте тосамын”, деп бір парақ қағазды алдыма лақтырып тастап, сарт-сұрт есікті жауып, шығып кетті. Оқысам — қызыл шатақ. “Қабылданған қаулыны қайта дауысқа қоюды талап етемін. Дауыс беру тәртібі бұзылған. Менің әлденеше рет сұрақ қойып, әлденеше рет сөз сөйлегенімді, төраға сіз де, Президент те көріп отырдыңыздар. Бірақ, дауыс беру қорытындысын қарағанда, мен мәжіліске атымен қатыспаған болып шықтым”, — депті. Төрағаның орынбасары болып істейтін Қуаныш Сұлтановты шақырып, әлгіні қолына ұстаттым. “Мынаны тексеріңіз. Жауабын ертең беруіміз керек”, дедім. Қағазға көз қиығын салып, оның да түсі бұзылып кетті. Желкесін қасып, шыға жөнелді. Үш-төрт сағаттан кейін телефон соқты. Дауысы — мен күте қоймағандай — тіптен көңілді. “Әбеке, сүйінші, бәрі дұрыс!” дейді. Сөйтсем, сау болғыр, ол кезде мәжілісті бастан-аяқ өзі түсіріп тұратын тұрақты камера болатын. Қуаныш манағы депутатты әлденеше әріптестерімен бірге шақырып алып, соның түсірген таспасын бастан-аяқ қарап шығыпты. Сөйтсе, талай рет сөйлеп, сөзі таусылып, әбден зығырданы қайнаған даукес депутат ызаланғаннан алдындағы ұясында тұрған дауыс беру сұқпасын жұлып алып, оң жақ құлағына қыстыра қойыпты. Онысын қызу таласқа беріліп отырып, өзі де ұмытып кетсе керек. Әлгі таспадан тайға таңба басқандай бәрі көрініп тұрған соң, иегін жұдырығымен бірер рет үйкеп-үйкеп, монитор алдынан ұшып тұрып, үн-түнсіз есікке беттепті.

Сөйтіп, қиын жылдардағы қиырман-шиырман қызу таластармен дүниеге келген жаңа Астананың күн санап жайнай-жадырай түскен ажарын әр көрген сайын есіңе талай нәрсе оралады. Солардың ішінде — жадыма әбден жатталып қалған 1994 жылғы аптап жаздың алтыншы шілдесі күні болып өткен осы бір оқиғаның орны тіпті бөлек.

Көз алдымда күлім қағып, көкке самғап бара жатқан жаңа Байтақ жанарым барда оны жадыма дәйім салып тұратын шығар.

6 шілде 2006 жыл.